

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VIII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

Б. Жақып, А. Жақсызықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,

Ә. Тарап, А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,

П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),

И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарап*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Авторлар:

Ж. Дәдебаев, Ө. Әбдіманұлы, [Т. Қекішев], З. Бисенгали,

З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, А. Салқынбай,

М. Үмбетаев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Қ. Мәдібаева*

А 13 **Абайтанды.** Тандамалы еңбектер. VIII том. Пәнаралық зерттеу /

Ж. Дәдебаев, Ө. Әбдіманұлы, [Т. Қекішев], З. Бисенгали, З. Сейіт-

жанов, Ж. Тілепов, А. Салқынбай, М. Үмбетаев, Р. Тұрысбек,

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов; жауапты ред. Қ. Мәдібаева; жал-

пы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

– 279 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1712-0 (VIII том)

VIII томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын пәнара-

лық зерттеудің иетижелері корініс тапқан. Онда Абайдың ілімі, әдеби мұрасы, абайтану

тариҳи, акын шығармашылығында негізделген құндылықтардың негіздері, пайымдау

мен бағалау жүйесі, білім концепциясы, поэтикасы, шындық және шығармашылық

қиял, мазмұн мен пішиң секілді мәселелер қоғамның интеллектуалдық және тұракты

дамаудың сабактас қарастырылған.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең та-

нуга талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбасының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерт-

теу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)
ISBN 978-601-04-1712-0 (VIII том)

© Авторлар ұжымы, 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

V тарау

АБАЙ БАҒАЛАУЫНДАҒЫ БАЙЛАМ

Бағалау категориясы – тіл білімінде әр деңгейдегі тілдік бірліктердің жиынтығын бағалау семантикасы бойынша біріктіріліп, әлемдік тіл білімінде соңғы жылдардағы жазылған ғылыми зерттеулерде өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Мұның өзі тіл білімінің шындық болмысты антропоөзектік парадигмада зерттеуге ауысуымен байланысты. Бағалауда АДАМ негізгі нысан ретінде алынып, адами құндылықтардың қабылдануы негізгі мәнге ие болады, яғни адами қасиеттердің жақсылығы мен жамандығы, жоғарылығы мен тәмендігі, даналығы мен надандығы, ұнауы мен ұнамауы бұл категорияның маңызды бөліктері.

Бағалау – логика-семантикалық категория. Ол қашанда айтуши не жазушының берген бағасымен, көзқарасымен, дүниетанымымен, жеке пікір-пайымымен байланысты. Белгілі бір құбылысқа, әрекетке, жағдаятқа деген қарым-қатынас пен оны бағалау ұжымның пікірімен де байланысты, бұл бағалаудың негізінде сол социум үшін қабылданған нормалар жатады. Лебізді бағалауға деген қызығу немесе тақырыптың өзектілігі антропоорталық парадигманың белсенді зерделенуімен байланысты, әрі дискурстың өзгешелігі мен танымдық механизмдерін бағалаудың ерекше қырларын айқындауға мүмкіндік туғызады. Мәтінде көрініс табатын жеке тұлғаның әлемді тануы, әлеуметтік жағдайы мен ойлауы өзіндік әлем бейнесін тану ерекшелігімен байланысты зерттеледі. Аксиологиялық бағалауды зерттеуде Н.Д. Арутюнова, Е.М. Вольф, Т.А. Космеда, Н.И. Сукаленко енбектері бар.

Бағалау феноменін кешенді зерделеу, әсіресе Абай шығармалары негізінде айқындау қазақ тіл білімінде де өзекті ғылыми мәселенің бірі.

Бағалау «мәдениет» ұғымымен тікелей байланысты қарастырылады. Мәдени-тәнімдық аспектіде аксиология дегеніміздің өзі бағалау қызметі мен ондағы өзгерістер, оның даму сатылары туралы жүйелі білім болып саналатындықтан, тілдік жүйе мен лебіздік жүйені мәдениетпен сабактастыра зерделеп, мәдени-тәнімдық бағытта қарастыру бағалау концептісінің маңызын арттыра түспек. Өйткені бағалау әрбір мәдени концепттің бөлінбейттің білшегі санатында. Кешенді концептер жүйесі ретінде тани отырып, оның бірнеше ерекше мәнін анықтайтын ішкі жіктелістерін атауға мүмкіндік бар:

- өмір концепті (тіршілік, наң, су т.б.);
- тіршілік концепті;
- білім концепті;
- адамгершілік концепті (шындық, ақиқат, намыс, ұят, ар т.б.);
- отбасы концепті;
- тағдыр концепті;
- атамекен концепті;
- жеке тұлға концепті (достық, махаббат, жүрек, сезім) т.б.;

Көрсетілген бағалау концептерінде әлеуметтік сипат басым болады, әрі бұл замана лебіне, әр кезеңнің дүниетанымына, көз-қарасына, мәдениетіне, қалыптасқан қоғамдық этикалық-эстетикалық нормаларына тікелей байланысты. Бағалау ұғымын кешенді құбылыс ретінде тани отырып, мәтіндегі коммуникативтік үлгісін анықтау қажет. Оның мақсаты мен нәтижесі, әдісі мен тәсілі, тактикасы мен жүзеге асуы, әсері мен қабылдануы, нәтижесі бар. Кешендегі аталған сыңарлар бірігіп, бір бүтін болады да, күрделі құрылымға айналады, мақсаты – бағалаушының прагматикалық мақсаттарына байланысты; ғылыми бағалауда – шындық болмыстың қасиеті мен белгісін анықтау мақсат етілсе, субъективті бағалауда әр бағалаушының өзінің жекелей прагматикалық мақсаты болуы да ықтимал. Бағалау тактикасы бағалау мен оның әсерін анықтаумен анықталады, жүзеге асуы – әр алуан типті бағалаудың нақты құралдар негізінде көрінуі; нәтижесі – корытындысы бойынша көрінетін не байқалатын әсер, ықпал. Яғни бағалау моделі күрделі құрылым, онда бағалау мәні мен маңызы, әсері мен ықпалы, нәтижесі, корытынды түжірлем анықталады.

Аталған концепте өзін-өзі бағалаудың да орны ерекше. Ғылыми зерттеулерде тұлғаның өзі туралы жеке пікірі, өзіне берген жеке бағасы ретінде қарастырылады. Өзін-өзі бағалау гуманитарлық ғылымда МЕН концептіңі арқылы зерделеніп, жеке Меннің мінезін бағалау, пікірін анықтау негізінде жүргізіледі. Өзін-өзі бағалаудың басты ерекшелігі – мұндағы басты эмоция мен бағалау МЕН-мен ғана байланысты болғандықтан, бағалау тұрақты әрі нақты, мәтінде берілген акпарат бағалау нақышында болып есептеледі. Өзін-өзі бағалаудың тілдік құрылымы бағалаудың құрылымымен бірдей, субъекті мен объекті, предикат аксиологиялық мәнде, тек мұнда субъект пен объектінің бағалауы сәйкес келеді. Айтушының немесе жазушының өзін-өзі бағалауы әртүрлі коммуникативтік мақсатта болуы мүмкін.

Бағалау категориясының маңызды ерекшелігі – шындықты тану, таныту. Танылған шындықты ашып көрсетудің өзі субъективті, яғни шындық оқиғаны, әрекетті, болмыстың маңызды ерекшелігін бағалаудың өзі жеке тұлғаның пікірі болғандықтан, мұның өзінде де субъективтілік сақталады. Бағалаудың қандай болса да, тіпті субъекті нақты көрінбей, айтылмай тұрса да, объект пен субъектінің арасындағы бағалауыштық қатынас сақталады. Айтушының не жазушының жеке пікірі оның іштей келісімен не келіспеуімен астасып жатады да, объектіге қатысты ұнау/ұнамау, бағалау/бағаламау, келісу/келіспеу т.б. сияқты ұғымдар негізінде көрінеді. Бұл жөнінде Е.М. Вольф кең зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиянақты пікір айтқан болатын. Фалым тұжырымымен келісе отырып, бағалаудағы субъективтілікпен бірге, бағалау тұжырымдарында кісінің ішкі сезімінің, яғни эмоциясының да орын ерекше екенін айту орынды болмақ.

Эмоцияның бағалаудағы орны кісінің ішкі сезімін орайына қарай шығарып, ақылмен тұсаулап, әрекетті ұғуымен, мәнін терен пайымдай алуымен де тығыз байланысты қарастырамыз. Эмоция тек сезімнен ғана туындалмай, ақылмен де байланысты қарастырылады. Әрекетті, жағдаятты рационалды түрде бағалап, ақылмен ұғынып та бағалауға болады. Бағалаудың бұл сипаттағы түрі күрделі мәндік құрылымға ие. Тағы да Абайға жүгінелік:

Адам – бір бок көтерген боктың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсөң тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалышта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Өлең мәні күрделі. Шындықтың түбіне жету үшін тұзу ой мен терен ақылды қажет ететін, білсең де қабылдағың келмейтін, айтуға бата алмайтын, адами болмыстың қабырғасын қақыратып, шындықтың бетін ашқан өлең бұл. Өлең мәтініндегі бағалауда, біздіңше, эмотивті компонент басым. Адам санасындағы әлем бейнесінің ішкі сипаты анық таңбаланады да, шындық болмыстағы кейіп нақты кескінделеді. Рационалды ойлауга рационалды бейне сәйкес келгендей. «Адам бір бок, көтерген боктың қабы» – ақынмен келіспейсіз бе? Ойланыңыз, түсінесіз, ұғынасыз, келіссесіз!

«Менімен сен тең бе деп мақтану» – білімсіздік белгісі. Тағы да ойлану жөн болмақ. Айналамызда мұнданың адамдар да баршылық. Қазақ дүниетаным мұндаидай «жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» дер еді. Ойлау мен әрекеттің көрінісі ішкі әлемнің тілдік бейнесі арқылы осылайша таңбаланып, нақтыланып, ойлануға қайтадан ықпал етеді. Өлең мәтінінде адам тіршілігінің мәнін анықтап, жөнін белгілеудің авторлық критерийі (шегі) көрсетілген. Авторлық бағалаудағы данышпандық таңдау: «Адамды сую, Алланың хикметін сезу». Сөздердің орынды қолданысы, етістіктердің мағыналық құрылымының түзілген ойдың мағынасын тиянақты бейнелеуі үлкен таланттың ғана емес, дананың ғана қолынан келестін өрнек екенин түсінесіз, мойындаисыз, таңданасыз. Қуанасыз! Бағалайсыз! Қуанатын себебініз – қазақ дүниетаныммен, қазақи түсінікте, қазақ тілінде жасалып жатқан адами құндылықты көріп, тамашалап, риясыз көнілден туған ризалық сезімнің сыртқа шығуынан.

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Өлең мәтінінің тұжырымы – осы. Бұл жастарға, балаларға арналмаған, көзі көп нәрсеге ашылған, талай жасқа келгендеге арналып айтылған. «Адамды сую, «Алланың хикметін сезу» деген тіркестердегі «сую», «сезу» етістіктерінің терең мағыналық құрылымы мен сөз тіркесінің беретін мағынасының арасындағы семантикалық байланыс соншалықтың нақты, анық, сөтті. «Адамды сүюден» артық адам баласының қолынан келетін бір жақсылық бар ма? Барлық адамның қолынан келетін жақсылық атаулының негізгісі – сүюден басталып, сүюмен тұйықталмай ма?! Адамды сую – жақсылық қасиет атаулының басында тұратын тегеріштей. Сүю бар жерде жамандық атаулыға орын жоқ. «Сую» жалған болса, оның жанынан «қызығаныш» атты қызыл ит қалмай ілеседі де, өзге жаманшылықтарды ілестіре әкеліп өзінше салтанат құрады. Онда «сенімге» орын қалмайды да, сорлайды. Ал «Алланың хикметін сезу» тіркесіндегі «сезу» етістігінің келуінің де семантикалық мағынасы ерекше. Алланың хикметін сезу арқылы тіршіліктің мәні туралы түсінігіздің өзгеретіні өлеңде анық көрініс тапқан.

Өлең мәтініндегі бағалаудың шындық болмыспен, адами көйіп-болмысымен сәйкес келуі – объективтіліктің көрінісі мен субъектілі көзқарастың нақты бейнеленуінен. Бұл тағы да адами болмыстың ағымдағы нақты жағдайына негізделуінен. «Адам – бір боқ көтерген боктың қабы, Боктан сасық боласың өлсөң тағы». Адамның жағдайы осылай, бұл – пенденің физиологиялық ағзасына қатысты; «Мені мен сен тең бе деп мақтанаңың, Білімсіздік белгісі – ол баяғы» – адамның психологиялық жағдайы. Тіршіліктің қоңыр күйін тыңдай жүріп, адам баласы кіммен араласпайды, көріспейді, әнгімелесіп сырластайды дейсіз! Сірә, мақтанбайтын, мақтана алмайтын бір қазақ баласын көрмедім. Абай данышпан қателеспеген, бұл ұлттық ділге еніп кеткен бір пенделік қасиет. Мақтанаң, мен далаға қараймын, мақтанаң қалаға қараймын, мақтанаң зәулім үй саламын, мақтанаң тұтып мешіт саламын, мақтанаң ... мақтанамын...

Ия, ендеше, Абай данышпан айтып отырған сөзде жалғандық бар ма, немесе бұл маған қатыссыз деп айта аласыз ба? Бағалаудың басты мазмұнын анықтайтын критерий – қунделікті бол-

ған жағдаят пен шындық әрекетке негізделуі. Енді бағалаудың қорытындысы немесе нәтижесіне тағы назар аударалық:

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Абай бағалаудыңдағы байлам осы. Таңдау адам баласының пайdasын көздейді. Өлең мәтініне терең бойлап, сұнгіп қарау қажет. Біздінше, мұнда әпистемологиялық рациональдылық бар.

Әпистемологиялық рациональдылық адам санасында әлем бейнесі мен әлемнің өзінің арасындағы байланысты жақындана түседі, нығайтады. Ақын тұжырымы ілімдік мәнге ие. «Не қызық бар өмірде онан басқа?!» деу арқылы ақын өз тұжырымын, өз байламын түйіп айтады, түйіндең айтады, ейткені бұл тұжырым ілімге, білімге, тәжірибеге негізделген. Рациональды ойлау арқылы адам өз өмірінде қателікке бой алдырmas еді, айналадағы шындықты орнықты да тиянақты танып, біліп, қабылдан, жағдайды дұрыс анықтаған адам ғана оң ойлап, дұрыс шолып, нақты тұжырым жасай біледі. Абай бағалаудыңда екіштылық, дүдемалдық жоқ. Ойды тиянақтап тұратын предикаттық тұлғалар өздерінің көпмағыналық сипатына қарамастан, мәтінде нақты мағына иеленіп, бір ғана тиянақты ойды таңбалайды. Адамды сүй, алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа?! – деңген сөйлемдегі «сүй», «сез», «бар» предикаттық тұлғаларының мағыналық құрылымы осы контексте дара мағынасында нақты қолданылған, бұл тіркестегі тұлғаларды екішты түсінуге немесе прагматикалық мағынасын басқаша қарап түсіндіру мүмкін болмайды.

Бағалаудың мәнін анықтап, нақтылап тұрған предикаттар неғізгі прагматикалық мағынаның қасиетін көрсетеді. Абай көрсеткен адами болмыс шындыққа сәйкес, қолданылған тұлғалардың прагматикалық мағыналары қоғамдағы адамдарға толық түсінікті, әрі олардың әлем болмысы жайындағы дуниетанымымен, өмір туралы көзқарастарымен жақын. Бұлай деуіміздің мәнісі Алланың хикметін сезу мен адамды сюю туралы айтылған толғамды ой тек Абайдан ғана басталмаганы, шығыстық даналықты былай қойғанда, қазаки дуниетаным қалыптастырған әфсаналардан бас-

тап, қазақ мақал-мәтелдері, ақын-жыраулардың шығармалары осындай ойды, осындай бағалауды айтып келе жатқаны, жырлап келгені аян. Абай жаңалығы – Абайша жаңа бағалауында, яғни бүрынғы айтылған білімді, жасалған тілдік тәжірибе мен ойлау жүйесіндегі шұрайлы талғамды сініре отырып, жаңа мазмұнда, ерекше формада, жаңа нәтижелермен жеткізуінде. Танымдық тәжірибе негізге алынып, уәжделіп, жаңа сапада халық игілігіне ұсынылуында. Мәтіндегі ойды мұлде жаңа деп айта алмайтынымыз анық, алайда Абайлық бағалаудың маңыздылығы – анықтығында, нақтылығында. Мұнда екішты ойға орын жоқ, «мына өмірде» деген тіркестің қолданылуы уақыт пен кеңістік ұғымын қатар менгеріп тұр. М. Бахтин көрсеткен мекеншақ ұғымы «мына өмір» тұлғасы арқылы беріліп, уақытты да, кеңістікті де қатар ұсына ұстайды да, есті, тұзу ойлы тыңдаушысын қатар қармайды. Абай болжап, солай болуы мүмкін деген ойда емес, өз ойының анықтығына, туралығына сенімді, сондықтан бағалауы нақты, объективті шындықтың негізгі ой түйер бағамының байлауы осы деген ой танытады.

Ұлттық танымда Абай бағалауын «аксиологиялық өріс» деңгейінде қабылдап, бағалау табигатын, шындық өмірмен байланысының мәнін жеке тұлға қалыптастырудың кеңінен қолдану, насихаттау қажет. Аксиология – құндылықтардың табигатын, әлемдік құндылықтардың құрылымы мен олардың шындық өмірдегі орнын зерделесе, Абай тағылымы мен бағалау жүйесі қазақ ұлттық аксиологиялық өрісінің негізін құрауы тиіс. Құндылық, игілік, пайда жайында айтылған ойлардың дені данышпандардан шыққаны, құндылық туралы алғаш пікір айтушының бірі ретінде Сократ танылатыны белгілі. Игілік дегеніміздің өзі – жүзеге асқан құндылық, пайда. Пайда мен құндылықты философияда бір медалдың екі жағы ретінде бағалау бар. Абай ойынан туындалап, өлең жолдарында кестеленген бағалы тұжырымдар қазақтың рухани құндылығы, яғни рухани-танымдық қызмет адами игілік ретінде бағаланып, қызмет етсе сол пайда болмақ. Себебі мұнда мол жинақталған рухани құндылықтардың қайта бағалануы бар, себебі мұнда ұлттық психология мен зияткерліктің менталды бағалануы бар.

Тілдік бірліктер арқылы берілетін бағалаудың нақты мазмұны толық мәтін мазмұны арқылы анықталады. Қазақ тіл білімінде бағалау ұғымын анықтайтын тілдік бірліктердің мазмұнын бағалауыштық мағына негізінде барлап, құрылымдық бағытта анықтау бар. Зерттеулерде бағалау логика-семантикалық бағытта қарастырылмағанымен, бағалауыштық мағына беретін тұлғалар сараланып, олардың контекстік мағынасы біршама анықталған. Мұндағы басты сипат қолданыс кезіндегі сөздің мәні емес, сөзге қосымша үстелетін бағалауыштық мағынаның үлесі анықталып, бағалауыштық лексика қатары зерделенеді. М. Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде эмоциялық мағынаға талдау жасай келе, әрқашанда объектив дүниедегі заттардың түйсік арқылы қабылданған информациясы адам ойының, санасының елегінен өтіп жататындығы, оған белгілі баға берілетіндігі шындық деп атап көрсетеді. Бағалауыштық лексика А. Алдашева, О. Бұркітов, Б. Момынова, Ф. Жақсыбаева, Ш. Нұргожина, Қ. Есенова, З. Құрманәлиева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде құрылымдық бағытта қарастырылады.

Қазақ дүнистанымын танытатын көркем шығармалардағы бағалау мәнінде бағалау құралдары жеке сөздермен ғана (сын есім, зат есім, етістік т.б.) берілмейтіні анық. Сондықтан бағалауды жеке сөз мағынасынан емес, контекстік мәннен іздеу біздің зерттеуіміздің басты ерекшелігі. Сөз мағынасындағы жақсы/жаман, ұнау/ ұнамау, т.б. мағыналары арқылы бағалау категориясын, бағалауыштық мағынаны анықтау тек сөздің сыртқы көрінісін ғана ашып көрсетеді, сөздің ішкі терең мағынасы мен мазмұнын зерделеуге мұндаидар зерттеу тәсілі аздық етеді. Жақсылық пен жамандық ұғымы тек сындық немесе сапалық мәнді білдіретін сөздердің мағыналық құрылымы арқылы беріле берілмейтін түсінікті. Сондыктан, күні бүгінге дейін жазылған ғылыми еңбектердің жоғары бағалай отырып, зерттеудің кешенді жүргізуі үшін, оның көкжиегін көңсітепе түсуді ұсынар едік. Көркем мәтіндегі бағалауда әлем бейнесін тану мен таныту кешенді және көпқырлы мәнге ие болады. Көркем мәтіннің үлкен зерттеушілерінің бірі М. Бахтин атап көрсеткендей, мәтінде, тек мәтінде ғана бағалау үлкен үнге айналып, полифониялық сипатта көріне алады.

Бағалау категориясының әлемдік тілдік бейнесін танытудағы кейір лексика-семантикалық топтағы лексика-грамматикалық жүйесі нақты қарастырылғанмен, оның когнитивтік механизмі, тіл мен ойлау арасындағы катынасы толық деңгейде зерттеу нысанына айналмаған. Осы тұрғыдан, бағалау семантикасының көптеген ғылыми-теориялық мәселелері толық зерттелген дей алмаймыз. Бағалау мағынасының табиғаты, оның өзге мағыналармен (мәселен, модальдық, дескриптивті т.б. мағыналар) салыстырғандагы ерекшелігі қарастырылған. Сондай-ақ, бағалау мағынасының динамикалық сипаты, қолданыстағы метафоралық және метонимиялық мәні, бағалау лексикасының сөзжасамдығы зерттеле түсіу тиіс.

Бағалау барлық адам баласына тән қасиет болғандықтан, оның тілдегі таңбалық белгісі де барлық тілдерде бар, лингвистикалық әмбебап құбылыс. Алайда бағалау тек коннатациялық мәнді аныктап, эмоция мен экспрессияны танытушы, немесе жаксы көру мен жек көруді ғана айқындаушы деп көрсетілгенімен, біз оның шегін, жүйесін теренірек қарастырғанды жөн көреміз. Бағалау адамдардың бірін-бірі бағалауынан бастап, адамның табиғатты бағалауы, адам мен қоғам арасындағы бағалау, адамның материалдық игіліктерді бағалауы болып жалғаса бермек. Сонау бір заманада гректер атақты Олимп тауының бүйіне «Өзінді өзін таны» деп жазса, Ортағасырда салынған Әзірет Сұлтан кесенесінің солтүстік қақпасына «Өзін білгені – хақты білгені, Құдайдан қорқып, ынсанқа келгені» деген жазу безендірлес [1, 66], қазір ХАНТӘҢІРІ басына «ӨЗІНДІ ӨЗІН ҚАҒАЛА» деп жазатын шақ келгендей.

Неге дейсіз бе?

Оның себебі көп. Өзінді таныдың, енді өзінді бағала, өзіннің жерінді, елінді, тауынды, тасынды, жердің асты-үстіндегі материалдық игіліктерінді бағала, қолында барынды бағала, рухани құндылықтарынды бағала, арынды бағала, жанынды бағала ... бағала, бағала. Демек, бағалауды концепт ретінде бағалау орынды болмақ та, оның қай сөз табынан жасалып, қандай жалғаумен түрленетінін емес, қандай мән беретінін когнитологиялық, гносеологиялық бағытта зерделеу окушыға тағылым аларлық дән берер, халыққа пайдалы болар деп пайымдасты.

Қазақ зерттеушілерінің бағалауыштық лексика туралы жазған зерттеулерін зерделей қарап шығып, құрылымдық, құрылымдық-семантикалық бағытта жазылған жұмыстардағы «бағалауыштық» терімсөзін осында қалдыруды лайық деп тауып, БАҒАЛАУ концептінің өзгешелігін, зерттеу бағытының басқаша екенін таныту мақсатында «бағалау» және «бағалауыштық» терімсөздерінің арасын бөліп көрсету қажет деп таптық. «Бағалауыштық» терім сөзі қазақ тіл білімінде жазылған ғылыми зерттеулерде О.С. Ахманованның сөздігінде берілген анықтаманың негізінде өрбіп, эмоционалдық, экспрессивті мән беретін коннатацияның бір бөлігі ретінде танылады. Келістік. Бағалауыштық лексиканы тілдік бірлік ретінде осылайша қарастыру орынды болмак.

Ал бағалауды лебізде зерделеу, мәтіндегі толғамды ойдың ретінде менгеру де ғылыми қажеттілік деп пайымдаймыз. Бағалауды лингвистикалық ғылыми зерттеулерде логика-психологиялық құбылыс ретінде тану үрдісі бар, сондықтан бағалау мәтіндегі тілдік мәселе ретінде қарастыруға келмей, лебіздің, тілдің шекарасынан шығып, философиямен астасып жатады, мән мен мағына проблематикасымен шектесіп, өзіндік парадигма құрайды. Оның ар жағында мағына мен мән туралы да бірізді пікір, тұжырым жоқ екені аян. Осы арада айта кететін нэрсе, О. Есперсен, И. Мещанинов бағалауды ұғымдық категория ретінде таныған еді.

Автор күнделікті тіршілікте біздің көретініміз, ұстайтынымыз нақты заттар екенін «яблоко – алманың» мысалымен ой елегінен өткізе отырып, нақты емес, абстрактылы ұғымдарды жеткізуін қындығын, айтуши ойындағы ақпараттың тыңдауышының тап солай түсіну мүмкіндігінің қындығын айтады. Шынында да, адам санаасындағы саналы ойды жеткізуге сөздің саны жете бере ме? Сондықтан да сөздердің метафоралығы, метонимиялығы, көпмағыналығы пайда болды емесペ?! Ойдың дұрыс жетуі, оның ішкі терен мәнін түсініп, білуі үшін СӨЗ СЫРЫН терен зерделей білу қажет. «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады», – дейді данышпан Абай.

Көрікті ойдың көркін бұзбай танып, түсіну үшін, қабылдау үшін, бағалау үшін не қажет?

Лебіздің тілдік бірліктермен таңбаланып айтылуы бар да, оның тыңдаушы тараپынан түсінілуі тағы бар. Мұндағы мағына мен мәннің ара-жігін ашып, байыпты қарастыру жөн болады. А.А. Потебня айтқандай, тілдік мағына мен ойдағы пікір мазмұны ерекше, тілдік бірліктер – ой мазмұнын берудің бір тәсілі. Әр сөздің мағынасына терең бойлап, ойлап сөйлеу үшін де білім қажет. Айтылған сөзді дұрыс түсініп, одан нақты үйін шығару үшін де білім қажет.

Абай:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сирін көргө
Көкірегінде болсын көз.

Жүргегі – айна, көnlі – ояу,
Сөз тыңдамас ол бағу.
Өз өнері тұр таяу,
Үқпасын ба сөзді тез? –

демей ме!

Ойлаудағы мән әрбір сөзде, әрбір морфологиялық құрылым мен синтаксистік тіркесте, орамда бар. Сол тұлғалардың мағыналық құрылым бірлігі арқылы мәтін мәні қалыптасады. Ойлау мен тіл арасындағы байланысты, қатынасты тек теориялық тұрғыдан түсініп, іздеуден гөрі, нақты деректерден танып, талдау мақұл іс. Мәтін мәні оны құраушы тұлғалардың мағынасымен бар болып тұр ғой. Айтылған ойды түсіну үшін тыңдаушы жеке сөздердің немесе грамматикалық тұлғалардың мағынасын жекелей талдап жатпасы белгілі, тыңдаушы үшін мәтіндегі мән мәнді де маңызды. Алайда грамматикалық құрылым арқылы бे-рілетін негізгі және бастапқы ақпарат тілді менгерген адамның түп санасында сақталады да, ойды қабылдауда осы тұпсаналық ақпарат қосылып, жалпы мазмұнды түсінуге, қабылдауға мүмкіндік туғызады. Тілді менгерудегі (әсіресе басқа тілдерді үйренуде) автоматизация дегенде осы түп санаға ақпарат жинау деп түсініміз. Ана тіліндегі лексикалық, грамматикалық, фонематикалық ақпарат ана сүтімен бірге сіңгендіктен, окушы немесе тыңдаушы

сөзтұлғаны бөлек қабылдамай, бірге бір бүтін ретінде қабылдай алады. Сөйлемді, контексті бір бүтін бітім ретінде қабылдап, ішкі мәніне барлау жасай алады. Екінші тіл немесе өзге тілді үйрену мен ондағы мәтіндік ақпараттарды қабылдаудың басты қындығы да осында жатса керек.

Жоғарыда келтірілген Абайдың «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» деген өлең жолдарының ішкі мәнін туғындау үшін оқырманға, «біл» түбіріне «-ім», «-ді» сөз тудыруши жүрнақтарының жалғанып, туынды сөз туғызып тұрғаны немесе оған «ден» шығыс септігінің жалғанып, бағыттық мағына беретіні негізгі және қажетті ақпарат болып саналмайды. Оқырман «білімдіден» сөзін бүтін қабылдап, оның контекстік негізгі мағынасын ұғады. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез сөйлемін түгел оқып шығып, мұндағы ой мазмұнын, мәтіннің ішкі мәнін түсінуге талап қылады. Мысал ретінде келтіріліп отырған сөйлемде жақсы/жаман, ұнау/ұнамау деген сынарларына енетін сөздер жоқ. Алайда, мәтін мазмұнда бағалау бар. Ол бағалау ойдың жалпы логикалық байлауында, ой мазмұнында, сол арқылы берілетін ішкі мәнде. Ең алдымен, мәтіннің өзіндік ерекше прагматикалық мәні бар. Бұл кез келген мәтінде болатын қасиет екені белгілі. Өлеңнің басқы прагматикасы айтылған сөздің құлақтан кіріп, бойға сінуінде, ақылмен тоқылуында. Ақын өзінің сөзін, ондағы айтылар ойды бағалай біледі. Сөзінің сырын түсініп, сәулелі нұрын түйсінетіндей көкірегінде көзі бар талапты жанды іздейді, сыр сөзін соған арнайды. Бұл бағалау «білімді» деген бір сөзben таңбаланып, шынында да, жан-жағын нұрландауда түседі. Лебіздегі бағалау семантикасы мен оның құрылымы осындағы өзіндік прагматикалық жағдаят туғызады. Демек, білімі терен ақын-субъект бар. Ол өзін тыңдаушы, окушы деңгейі үшін қажет шартын жеткізеді. Ол шарт – жүргегі – айна, көнілі – ояу, талапты кісі болуы. Өлең монолог түрінде жазылғанмен, ситуация бар, мұнда негізгі екі актант қатысады – Ақын, ол әрі бағалау субъектісі; екіншісі адресат, окушы, тыңдаушы (айтылған пікір осыған арналады, бірақ бағалаудың нысаны болуы міндетті емес). Бағалау тілде осылайша өз көрінісін табады.

Ақын сөзін түсінетін, ұғатын жан іздейді, табады, ол көкірек көзі ашық, талапты жаста. Демек, мәтіндегі бағалауды анықтау үшін, сөздің қай сөз табына жатып, қандай мағына беретіні ғана емес, мәтіндегі басты ойдың мәнін анықтаумен тікелей байланысты. Сөздің терең ішкі мағынасының ерекше мәнді екенін толықтай қолдай отыра, сонымен бірге мәтіндегі бүтіндіктің, ұғымдық мәннің де ерекше маңызды екеніне назар аударамыз. Мән мен мағынаның ерекшелігі мен бірлігін терең барлап, олардың арасындағы қатынасты аңгаруға ұмтыламыз. Бағалау концептінің бастапқы нұктесі یяғни бағалаушы нысаны да, қабылдаушысы да адам болғандықтан, бағалаудың әсері, ықпалы ерекше. Айтушының пікірі, көзқарасы бағалауда көрініс табатыны анық, өйткені субъект пікірі оның өмірге көзқарасын, тәжірибесін, таңдауын, талғамын да аңғартады.

Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек» атты өлеңіне талдау жасап көрелік. Тағы да мәтінді толық береміз, өйткені бұл аксиологиялық бағалау үшін аса маңызды:

Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек.
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұңдаасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Жас – картаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,
Бір құдайдан басқаның бәрі езгермек.

Ер іci ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылышы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандай қылыш қылмай,
Еріншек ездігінен кепке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр адап еңбек.
Үрлых, құлық қылым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық, көрмей қалмас,
Мың құн сынбас, бір құн сынар шөлмек.

Адамзат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл тапшак, мал тапшак, адап жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен құн өткізбек?

Наданға арам ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін?
Ақылсыз шынға сенбей, жокқа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек,
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің
Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданың сүйенгені көп пен дурмек.

Алашқа іші жау бол, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.
Бір-егі жолы болған кісі көрсে,
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періпте төменишікten, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімен болды демей,
Жәнді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменен тоң жасап болек-болек.
Арамдықпен бар ма екен жамнан аспак,
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жүрт менгермек?
Адалдық, арамдықты кім тенгермек?!
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор бол, өзіне сөз келтірмек.

Өлең мазмұны оқушыны бірден баурап ала қоятындаі емес, күрделі, ойлануға шақырып тұр. Ұғымдық ақпарат кісі тіршілігінің мәнін бағалауға құрылғандықтан да, ақылмен терең барлауға жетелейді. Ақыл мен ақылсыздық, кісілік пен надандық, шайтан өрнек пен періште ісі қатар қатталып келіп, адамгершілік нормаларының қалыптасқан, қогами сана қабылдаған жолы мен жүйесінің кедір-бұдыры бағаланып көрсетіліп, «жақсыдан үйренип, жаманнан жириен дейтін» халықтық сана қалыптастырыған дүниетаным негізінде ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігі нақты

аталады. Ия, Абай бағалауы біреудің жақсылығы мен жамандығын, адамдығы мен надандығын көрсету үшін жазылмайды, ол жалпы кеңістікегі адамның орнын, қызметін, тіршілік үшін күрестегі рухани өлшем мен саналы тірліктің бағасын арттыру үшін жазылады.

Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер, –

деп отыз жетінші Қара сөзінде қалай сабырмен салмақтап, өткінші тіршіліктің мәнін сараласа:

Жас – картаймақ, жоқ – тұмақ, туган – өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір күдайдан басқаның бері өзгермек, –

деу арқылы да күйбендей жүріп, қуніңнің қалай өткенін білмей, «қамшының сабында» ғана деп баға берген тірліктің өзгермелілігін толғайды, толғанады, Сізді де толғантады. Адами құндылықты айқындастын аксиологиялық бағалау, біздіңше, осында жатыр, өйткені адам баласы үшін ең маңызды құндылық – Алланың өлшеп берген «өлшеулі ғұмыры», тіршілігі. Адами осы құндылықты ақылды кісі мен наданның қалай өткеретіні кезектесе тізбеленіп, салыстырылады, өлең өрнегімен зияткерлік өресі айқындалып, адам қызметінің қунделікті тәжірибесі көз алдыңыздан сырғы-ы-п өтіп жатады. Яғни бағалау жалпы емес, нақты жағдаятқа құрылып, надандық артып, ел іші дүрмекке ерсе, «Ел бұзылса, табады шайтан өрнек, Періште төменшікте, қайғы же-мек» екенін ерекше ескертеді. Аксиологиялық бағалау «жақсы мен жаманды» қарама-қарсы қою арқылы негізделіп, құндылықтың бағалауы тілдік таңбамен осылайша өрнектеледі.

Абай бағалауында қалыптасқан стереотип болмайды, өлең өзегі нақтылыққа, бүтіндікке құрылады да, әрбір бағалау кісі мінезіндегі дерекпен уәжделеді. Мәтінде көрінетін әрекеттің жал-

ғаны жоқ, осында мінез, осында адами болмыс біздің елдің баласында жоқ деп (немесе қазір жоқ деп) ешкім де айта алмас еді. «Ауруын жасырганың» не боларын айтып дүниетаным қалыптастырыған Абай бағалауын әрқайсымыз қабыл алып, нәтижелі іске ұмтылсақ, сол игі. Мұндағы бағалау субъектісі – жалпы қоғам. Абай ұлтылығы сонда, ол қоғамның ойын, тұжырымды пікірін сөзбен таңбалайды. Бағалау нысаны – адам.

Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,
Жақының тіріде аңдып, өлсе өкірмек.

Бұл кімнің бейнесі? Пенденің бейнесі. Тағы да «мұндай кісі мен емес» деп кім айта алар? Жақын адамдар бірін-бірі аңдымайды, жамандамайды, қинамайды, тағы, тағы дей аламыз ба? Қазак дүниетанымы «ұры алыстан келмейді», «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздығы кетеді», «ауылдағының аузы сасық» деп сөзімізді уәждейді. Немесе, «жақының тіріде аңдып, өлгенде жылап» жүргендер қазірде аз ба? «Тірі күнінде сыйласпасаң, өлген соң жылаганнан не пайда» дейді қазақ дүниетанымы. «Тіріде сыйласпасаң ағайын, Құм құйылсын көзіңе» деп жазыпты Махамбет ақын. Сірә, адам баласын аңдитын, бақталас болатын, қызғанатын жақын, танитын жаңдары екенін ойлансақ мақұл, ейткені танымайтын адамның бізben ісі болмайды ғой. Ойлаудың стереотиптеріне бағынбай, осылайша абыз да болса, шындықты шыңғырта жырлап, жылатып жазып, Абай қазақ дүниетанымына өзгеріс енгізді, барынды қайта бағалауға, дұрыс бағалауға жетеледі.

Бағалау нысаны ретінде алынып отырган қасиет, мінез бір-біріне қарама-қарсы қойылып, қатар бағаланады. Бағалау шкаласы (+) пен (-) диапазонында жатады. Өлеңде бағалаудың мынадай сипаттары көрініс тапқан:

- тіршілік философиясы: мәні мен маңызы;
- адамның бір-бірімен қарым-қатынасы;
- адам мінезінің, қасиетінің бағалануы;
- әртүрлі сапалық атрибуттардың белгіленуі – жақсылық пен жамандықтың, адамдық пен нағандық қарама-қарсылығы;
- қоғамда қалыптасқан моральдық нормалар мен идеалдарды бағалау;

– қоғам өміріне, адами тіршілік болмысына өзгеріс енгізетін өзекмән көрсету қызметі орындалады.

Өзекмән деп өзекті (зәру) және мән (мәнді) сөздерін біріктіріп, жақсы менен жаманды айыру үшін ұсынылған Абай жолы, Абай жүйесі, Абай бағалауындағы тіршілік болмысы деп пайымдадық. Келтіріліп отырған бағалау сипаттары тек «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндеған емес, өзге де көптеген өлеңдерінің ішкі мәнін анықтайды. Мұндай өзекмән Абай өлеңдерінің негізгі мазмұны мен мәніндегі бағалаудың басты сипаты, ерекшелігі деп түсінеміз. Бәлки, тағы біз байқамаған бағалы тұстары да болуы ықтимал.

Бағалаудың басты ерекшелігі ретінде тілдік бірліктер арқылы берілген өзекмән қазақ қоғамының ішкі сыры мен ешкімге көрсеткің келмейтін, айтпайтын кердең қасиеттердің, мінездердің бетін ашып, ауруды асқындырмай, емдеу үшін диагнозын қояды. Адам міnezінің жан-жақты ашылуы, біршама тұрақты қасиеттердің жақсы-жаманы көрсетілуі өзінді бағалау үшін де, өзгені бағалау үшін де, өзгеге бағалату үшін де қажет.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданың сүйенгені көп пен дүрмек.

«Қара қылды қақ жарған» деп шындықты айтқан адамды бағалайтын қазақ дүниетанымын Абай кеңеңте, дамыта түседі. Ақылды адам шындықты айтып, қара қылды екіге қақ жарып қана коймайды, қырыққа бөледі.

Ол қалай болады дейміз ғой, баяғы, казымырлана түсіп?

«Өзгені өзіндей көр» деген тәмсіл бар халқымызда. Абай ақылды адам әр нәрсеге өзіндей баға берсе, қара қылды қырыққа бөлгендей шындықты айта алатынын нұскайды. Демек, өзгені өзіндей көріп, ақылмен бағаласа, шындықты айту қыын емес, яғни, әр істің таразысы да, қазысы да ақылды адамның өз бойында. Әркім өз ісін ақылмен бағалап, таразыласа, өз шындығын өзіне айта алса – қара қылды қырық жару деген осы емес пе? Наданың сүйенгені көп пен дүрмек. Надандық жүрген жерде ақылды

бұқтырады, ақыл қанша мықты болса да, надандық сүйенген көп дүрмекке салып, ақылды қашырады, тіпті өмірде женуі де жи. Абай заманында да солай болыпты, қазірде де солай. Адамдық пен надандық ұстасқанда, әркімнің «мені» ақыл мен жүректі тыңдамаса, естімсесе, бағаламаса, «көппен көрген ұлы тойда» адамдық женіле бермек. Әркім өз «Менін» таза ұстап, жоғары ұстап, ақыл мен жүректі қатар ұстап шындықты өзіне мойындалатса, Абай арманы орындалмақ.

Әдебиет теориясында сыншыл реалист ақын деп танылған Абайдың, «қазақты сынаған» Абайдың неге сынаганын біз үшін бағалау, мүмкін, маңызды да емес болар, алайда Абай бағалауы әділ, шын, өтіріктен, жағымпаздықтан ада. Шындықты айтуы – сын айту болса, әнгіме басқаша. Тілдік бірліктермен таңбаланған шындық Абайдың өз «мені», өзгені өзіндегі көріп, ақылмен «мен» сияқты «өзгені» бағалауы дер едік.

Рас сөздің кім білер қасиетін?
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Данышпан Абай осылай толғаған екен, толғанған екен. «Рас сөздің кім білер қасиетін?» Қазақи діл «құдай біледі, бұл рас», «Алла көріп тұр», «Иллахи, шын сөзім» т.б. сияқты көптеген тіркестерді дүниеге әкелді. «Мен-субъект» өз сөзінің шындығын Алланың атын атап мойындана алар еді. «Дін-апиынға» баланған заманды басынан өткерген бүгінгінің ақылды басы мұндай сөзге еш сенбес. Сөзден қағаз артық болған, шындықты қағазбен айтатын заманға тап болғанымыз қашан?! Америкада болғанымызда, көз көрген, әрі таң болған жағдай бар. Онда сөзге сенеді, штамп, мөр деген жоққа тән. Американдық азаматтың бір ауыз сөзі, телефонмен айтылған бір ауыз хабарламасы немесе өзінің жайғана қойған қолы – бағаланады. Соған сенеді. Келігін сату үшін өзінің қойған қолы жеткілікті. Нотариус деген аз, болса да тегін. Өзін бағалауы осындей. «Американдық азамат өтірік айтпайды» деп есептеледі. Бұл, бағалау мен бағалану, рухани жоғары деңгейді танытады. Бала жасынан бастап осылай тәрбиеленіп жатыр, мектептерде осылай үйретеді, оқытады, құлағына құяды, көңілін соған сендіреді.

Ал «менде» (бізде) қалай? Сөзге сену, бір ауыз сөздің құны бар ма? Қайдам... Ұшаққа мініп іссапарға барып жүрсіз ғой, сіз екі не бірнеше елдің кеденінен өтіп, төлкүжатыңызға мөр бастырып келсөніз де, егер ұшаққа мінген орныңыз көрсетілген қағазды (посадочный) көрсетпесеңіз, сөзінізге ресми орындағы отырған басшылар сенбейді? Бұл дүние жүзінде жоқ «пысықтық». Әсіреке шетелдік ғалымдарға, қонақтарға осы қағаздың тым маңыздылығын айтып түсіндірудің қиын екенін білсөніз ғой! Мұны не деп түсіндіруге болар еді? Өзімізді өзіміз бағаламау! Сөзге сенбеу, қағаздың құдіретін сөзден арттыру деген осы болады. Ия ... өзімізді бағаламаудың бер жағы ғой бұл ...

Шынында да, «Рас сөздің қасиетін» білетіндер азайды ма, әлде қалыптасқан жағдай кісі сөзіне сенуден қалдырды ма? Өзінді ақылдымын деп бағалайтын, Абайды оқып, оның сөзін бағалаған оқушым, сөзге сенуді баба жолынан, ел ішінен тауып, қайта үйренилік! Өзгеге сенсөн, саған өзге сенер. Киелі сөздің қасиетін өзіне қайта қайтару үшін әр біріміз қызмет істеуміз керек.

Терен барлаған кісіге «Рас» деген сөздің өзі де сенуге, сендіруге жеткілікті, ейткені араб тілінен енген «растың» түбірінде «РА» тұлғасы тұр. «Ра» «АЛЛА» есімімен байланысты. Салыстырып қараныз: ра – раббым – рас – райс – рай – ракш т.б. (Біз бұл туралы «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты зерттеуімізде жазған едік).

Сөз – киелі. Сөз – адам баласына тән ортақ қасиет, ортақ құрал. Өзге тіршілік иелерінен адамның қасиетін арттыратын, өзгешелігін анықтайтын ең басты факторлардың бірі. Адам қолымен жасалған зат – мөрден гөрі, адам санасына Алла салған, рухани бірлік пен рухани тіріліктің көрінісі, атадан балага жасарап, дамып жеткен ұлы мирас сөзді құдіреттеу, құрметтеу, бағалау – елдіктің, ұлттық ұлық міnez бен ұлттық білікті танытатын керемет күш болар еді. Сөздің күшіне ештеңе жете алмас еді. Сөз тасты да жарап еді, басты да жарап еді. Сөз киесі қашып кетпесін десек, Сөзді бағалауға, сөзге сенуге қайта оралайық, ағайын, дегіміз келеді.

Дүниенің төрт бұрышында болып жатқан жағдаятты эп-сэтте біліп, әлемнің тілдерін де, мәдениетін де менгергісі келіп ынты-

тып жатқан өскелен мұқты үрпақ бар. Абай тағылымын бойына сіңірген кез келген жан аласпай, айналып келіп, үйірін табары, өз еліне қызмет етері хақ. Өскелен үрпақ ақылды. Сондықтан, Рас сөздің қасиетін танып, біліп, жоққа сенбей, шынға сеніп, өз жолын өз атажұртынан тауып, атамекеннің озық мекен болуына қызмет етері анық.

Бағалау мәні бар сөздің, лебіздің сипаты алуан түрлі болады. Қазақ сөзінің құдіреті сонда: ол жақсы/жаман деп ашық атамай-ақ, астарлы ойдың көлеңкесімен көксегенін айта алады. Бағалау лебізінің прагматикалық өзгешелігі мен ерекшелігі бар. Лебіздегі бағалаудың семантикасы мен құрылымы прагматикалық жағдаят-қа, оның жүзеге асу жолына байланысты анықталады.

Абай өлеңдеріндегі «адам өмірі», «адам өмірінің мәні» сияқты мәселелердің талдауын XX ғасырда Еуропада қалыптаскан экзистенциализм қағидаларына жақын деп қарастыруға негіз бар. Экзистенциализм – адамның өзіндік «Менін» тануы, өмір мен өлімнің мәні, еркіндіктің мағынасы, адамгершілік, рақымдылық, сұлулық, әділеттілік пен ақиқат, адамның дүниеге келудегі мақсаты, қоғамдағы орны сияқты көптеген философиялық мәселелерді шешуге ұмтылса, бағамдаған кісіге осы сұрақтардың көпшілігі Абай шығармашылығында өзіндік орын алған. Экзистенциализм бағыты өкілдерінің көзқарасы бойынша: өзіндік Менін түйсіну және өзгемен санасу адамды саналы әрекетке жетелейді. Данышпан Абай «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек» деу арқылы өзін бағалау мен өзгені бағалаудың мәнін, өзгені өзіндей бағалаудың адами артықшылығын, ақылды жанның ісі екенін ерекше көрсетеді. Абай ұлылығы сонда: ол тек өз руының, өз ұлтының жыртысын жыртып, «мен мұқтымынға» ешқашан салынбаған.

«Адамзаттың бәрін сүйді» Абайдай айтқан әлемде тағы кім бар екен?

Мүмкін бар болар.

Менің білетінім – Абай.

Демек, осындағы ұлық мінез көрсеткен, кісіліктің келбетін, бүтін бітімдік қасиетке жетіп, толық адам болған Абайдай данышпанды әлемдік деңгейде бағалауымыз орынды. Енді отыз сегізін-

ші Қара сөзінен шағын үзінді тыңдаңыз: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонаң қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұтсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады. Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалет ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдага мүктеди болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мүктеди болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен көмәлтты бір жолға салып жасады, сіздердің ісініз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әрне жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір заرار шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұлардың іс іс емес. Бәлки, бұлардың тағат тағат та емес».

Ақылды адамның ақылдылығы өзіне қажеттіні алумен, табумен емес, өзгені өзінде бағалауымен өлшенеді. Экзистенциалистер де адамгершілік құндылықтарға бет бұруды өздерінің басты ерекшелігі деп танығаны белгілі. Абай көрсеткен адам баласын қор қылатын нәрселер экзистенциализмнің негізгі өкілдерін идеялық қолдаушылар саналатын Ф. Шеллинг, С. Кьеркогор, А. Шопенгауэр, Ф.М. Достоевский, Ф. нищеш сынды жазушылар мен ғалымдардың зерттеулері мен көркем шығармаларының негізі болған еді. Адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы түрғысынан қарастыру басты тақырыпқа айналған бұл еңбектерді Абай шығармаларымен салыстыру көп нәтиже бермек. Алайда экзистенциализмнің барлық қағидалары Абай қолтаңбасына тән деуден аулақпыз, адам жаны, өзекмәнді іздеудегі негізгі қысындар арасында жақындық бар екенін айтпақпыз, өйткени ақын мақсаты адамды уайымға салып, қүйзеліске ұшырату емес, қысқа өмірді мәнді өткізуге қозғау салу, ойландыру, іс-эрекетке жетелеу, надандықтан арылып, адамдық қалыпқа үмтүлдыру,

толық адамдыққа жетуге талаптандыру. Абай болмыс мәселесін талдауда ғылыми танымға үлкен көніл бөлгөн. «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымактық, өзін танымактық, дүниені танымактық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мөнфағат дәғфұ мұзарратларны айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады», – деп жазады қарасөзінде.

«Ғылым таппай мақтанба» тақырыбын кеңінен талдан жазған да Абай еді. Хайдеггер адам болмысының негізгі сипаттамаларын талдай отырып, әлемде өмір сұру таным акциясының, заттармен әрекет жасаудың іске асуы ғана емес, әлемнің өзі тандау жасау мен мүмкіншілік, тағдырдың орны мен тарихи жүзеге асуы өтетін нәрсе екенін ерекше ескертеді.

Сонымен, «адами фактор», «адам өмірінің мәні» мәселесінің мазмұны құрделі, мәні терең. Тіл білімінде «әлем бейнесі», «әлем суреті», «әлем моделі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің концептуалды бейнесі», «әлемнің когнитивті бейнесі» деген ұғымдарды туғызған бұл бағыт терең зерделеуді кажет ететін өзекті ғылыми мәселенің бірі санатында. Абай шығармаларындағы бағалау концептін таразылау барысында әлемнің тілдік бейнесінің көріністерін анықтау арқылы халықтық бағалау жүйесін де саралауға, шамалауға толық негіз бар.

Адамның айналасындағы болмысқа, жалпы әлемге қарым-қатынасы бағалаудан басталады дедік. Өзі, өз үйі, өз отбасы, өзі тұрған жері, өз елін бағалаудан басталған рухани өсу оны өзге, өзгенің үйі, өзгенің отбасы, өзгенің туған жері, өзгенің елі, т.б. деп бағалауға дейін жеткізеді. Адам өзін, өзін қоршаған ортанды танып қана қоймайды, сонымен бірге бағалайды да. Бағалау тәжірибесі тану арқылы орындалып, танылған бағалау сатысында адам санасында құндылықтардың ерекшелігі ажыратылады. Бағалау адам санасында әлем моделін жасауға қатысады, екінші жағынан оны тануға жағдай туғызады, қызығушылықты арттырып, тану үшін, ақпарат жинаудың негізгі уәжі (мотив) болады. Демек, бағалауды когнитивтік бағытта саралаудың ғылыми маңызы ерекше.

Тағы да ақын Абайдан бір өлең:

Бойы бұлған,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем, мен соナン.
Бетті бастым,
Қатты састьым,
Тұра қаштым жалма-жан.
Өз ойында
Тұл бойында
Еш міні жоқ бендеңіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.
Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.
Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антын, арын саудалап,
Бұтты-шагты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.
Кедейі – ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа електің орны жоқ.
Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.
Байы – баспақ,
Би саспақ,
Өулекі аспақ сыпыра ку.
Ақы берген,
Айтса көнген
Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтқан бенде жоқ.
Өз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,

Пәле шақыр.
Болдың ақыр тап-тақыр.
Су жұгар ма,
Сөз ұгар ма
Сыптыра жылмаң желбуаз?
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
Енді өкіндім – өзіме аз.

Мәтінде бағалау жағдаятының үш құрамдас типі бар: нысан, бағалаушы субъект, предикат. Субъект әртүрлі тұлғада көріне алады: ол бастауыш (мен), баяндауыш (көрсем, бастым, састьым, қаштым), толықтауыш (өзіме) сипатында көрініс тапқан. Нысанға қатысты жағдай яғни объектінің вербальдануы заттық-эрекеттік сипатта да; предикат заттық, қимылдық және модальдық тұлғада да көрінеді. Автордың ойы мәтінде анық берілген. Мұнда боямалық жоқ, ой сөз ішінде жасырынбай, нақты айтылады, «мырзан», «қылжан», «сырдан» тұлғаларын қолдану арқылы авторлық метафоралық қолданыс туғызып, (Тұзде мырзан, Үйде сырдан, Сөзі қылжан еркесіп) ерекше синтаксистік құрылым жасап, нысан мінезін сомдауда жаңаша өлең құрылсын құрайды. Өлеңнің алты буыннан тұруының өзі бағаланушы нысанның женіл-желпі жүріс-тұрысы мен мінез-құлғының танытатындей. Суретtelіп отырған нысан ішкі-сыртқы қалыбымен көз алдыңызға келеді.

Бұл кім?

Бұл жақсы киінген, әдемі сөйлейтін, ойы мен бойында еш міні жоқтай көрінетін, қалжынды ұннататын, берсең жақсысын, бермесен сенімен кетісетін, сыртта мырза, үйінде не болып жатқанын өзінен басқа жан баласы білмейтін, сөз қыдыртып, әңгіме тасыған, анты мен арын саудаға салған, су жұқпас. Абай бағалаудындағы – желбуаз. Сіз оның желбуаз екенін байқай алмауыңыз бек мүмкін. Тіпті Абай да «айтты – көндім, алды – бердім, енді өкіндім – өзіме аз» демей ме. «Желбуаз» туынды сөз: «жел» және «буаз» сөздерінің біргігүйен жасалған. Иші бос, желғана. Оған «ар», «ант» деген ұғымдар бос, мәнсіз.

Нысанның сыртқы тұлғасын, мінезін, ішкі жан дүниесін таңыдыңыз, бағаладыңыз. Күнде қасымызда журеді, олар – бар.

Өз ойында, тұл бойында еш міні жоқ пендесіп, сөз қыдыртқан, сөйтіп жүртты құтыртқан, антын, арын саудалап жүргендер қатарымызда жоқ емес екенін мойындастыз. Лексикалық бірліктер арқылы берілетін эстетикалық бағаның қызметтік жүйесі шоғырланған дами түседі.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Үрлік, етірік гуде-гу.
Байы – баспақ,
Биі саспақ,
Өулекі аспақ сыпьра ку.

Синкретті сөз мағынасы аксиологиялық ағымда қолданылып, мәтінде нақты бағалаудың градуальдық парадигмасы жасалады. Лексемалардың қолданысы шапшаңдықты, ішкі жинақылықты қажет етіп тұрады. Бір ой екінші ойдың астарымен өрбіп, әрекеттің қызы өтіп жатқанынан хабар беретіндей. Сөз мәтіндегі қолданысында ерекше семаға ие болып, кейде өзінің бағалау белгісін өзгерте жүмсалады.

Адам аулап,
Сыпьра саулап,
Байды жаулап жетісер.

Адам аулау, сыпьра саулау тіркестерінің мағыналары ерекше зерделеуді қажет етеді. Жағымсыз мінез бен жағымсыз әрекетті бағалаудың градуальды шегі. Жеке сөздердің мағынасы мен мәтіндегі мән ерекше. Лексикалық бірліктердің мағыналары метафоралық мәнге ауысып, контексттік мағынаға ие болады да, автор бағалаған дерптің шытырманын таңбалауда өзіндік үлес қосады. Адамның ішкі мінезі мен болмысын қалыптастыруға қатысы осындағы жағымсыз әрекеттерді төпеп көрсете отырып, шындық өмірде кездесетін деректер негізінде кісінің көзін жеткізумен де бағалау сөтті шығады. Құлығына құрық бойламайтын, сөздің майын ішкен, асты-үстіңе түсіп, мақтап отырып, алды-артынды шырмап, бермесінді алатын осындағы жандарды дөп танып, тап басып айтқан ақын:

Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма
Сыпъра жылмаң желбуаз?
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
Енді өкіндім – өзіме аз, -

деп аяқтайды.

Көркем мәтіндегі орталық негізгі әрекет антропоорталық мәселені талдайды, бағалайды, оқушының көзін ашады. Мәтінді оқып болып, окушы бей-жай қала алмайды, ойланады, бәлкім, тағы да қайта оқиды, қайталай оқиды... Автордың мәтіндегі кейіпкерге берген мінездемесі мен оның шындық өмірде кездесетін жаңында жүргендермен арасындағы ұқсастықты салмақтап, сабырмен ойланып, ой тую мақұл. Абай жазған жағдайда субъективті бояу бар, оны автордың өзі де бірінші жақпен айтып, жазып отыр: етістік тұлғалары бірінші жақпен баяндалған. Ал жалпы өлең мәтінінде шындық өмірдегі әрекет пен эмотивті мән, автор санасында жетілген ой арқылы берілген эмотивті-модальды мән гармониялықпен біріге тоғызып, мәтін мәнінің негізгі ядросын құрайды.

Шын сын айтылды.

Естілді.

Естідік пе?

Кешегі кісінің мінезі мен бүгінгі кісінің мінезінің арасында айырма жоқ. Қалып – ортақ, мән – бір, мінез – ұқсас, ал айырма тек кісінің сыртқы тұлғасында. Кешегі мен бүгінгі мінездің, адами болмыстың үндестігін танимыз. Өзгерген адамның ішкі жан дүниесі, рухани болмысы бар ма? Әлде өзгерген «сыртқы» форма ма? Ішкі өзекмән өзгерген бе?

Айтпағымыз, данышпан Абай қаламынан шыққан бұл өлең жазылайын деп жазылмаған, осылай жазғысы келгеннен емес, жазбауға болмайтын әрекеттерді көргенде шыққан туынды болар.

Тегінде Абай өлеңдерінің негізгі ерекшелігі: мәтіннің негізгі мазмұнында кейіпкер есімі аталаип, нақтыланбағанымен (нақтыланатын тұстары да жоқ емес қой) әмбебап «ол» унемі өлеңде жүреді. Біз оны танимыз, білеміз, көреміз, араласамыз, жақсы көреміз, жек көреміз, т.б. Классикалық өлеңнің құдіреті де

осында болар. Кез келген көркем туындысын оқып шыққанда, «бұл Абай заманында болған ғой, қазіргі заманда мұндаі мінезді кісі жоқ» дей алмайсыз. Демек, Абай бағалауы – әмбебап, сонысымен құнды, бағалы. Бұл – классикалық өнер туындысы, суреткер қолымен өндіріліп (өн-өнер-өндір-өнім) жасалған өнер үлгісі. Авторлық интенцияның мәтін мазмұнында анық көрініу Абай өлеңдеріндегі тағы бір басты ерекшелікті танытады. Өлең мазмұны, түптең келгенде, автордың кейіпкер келбетіне, мінезіне көзқарасы болғандықтан, интенциялық мәнді зерттеу көркем шығармадағы автор бейнесін тануға көмектеседі.

Сөз семантикасы көп деңгейлі, терен мәнді. Мәтіндегі сөз мағынасының түсінігі әр қылы болуы да ықтимал. Абай өлеңіндегі сөздердің қолданысына назар аударалық. Әр сөзде курделі мән:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем, мен соナン.
Бетті бастым,
Қатты састьым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Бір ғана шумақты бірнеше рет жазып, қайта қарастырып отыр деп сынай көрменіз. Осы шумақтың мәнін түсініп алайықшы: бір шумақта он бес сөз берілген, әрі барлығы да толық мағыналы атау сөздер. Бір де бір шылау, көмекші сөз кездеспейді. Ақын атау сөздердің нақты атауыштық мағыналарын ұтымды пайдаланып, ойдың нақты көрінісін таңбалая үшін, «құрылыс кірпіштеріндегі» етіп құрайды. Тиянақты ойдың таңбалануында да тиянақты мағыналы атауыш сөздерді қолдану арқылы автор өз ойының толық та, анық жетуіне «барын» салғандай. Бірінші, екінші жолдың предикаты еліктеуіш сөздің бейнелеуіш түрімен берілген, бейнелеуіш нысанды нақты бейнелеп, көз алдымызға экеледі: бойы – бұлғаң (бұлғақтаған), сөзі жылмаң (жылмаңдаған). Ушінші жолда сілтеу есімдігі – соナン («сол», «садан» есімдігі) қолданылып, нысанды нақты таңбалайды, ол – сол (бұл, мынау емес); бетті бастым, қатты састьым – предикаттар бірінші жақпен беріледі, ал «бет» – зат есімге тәуелдік жалғауының бірінші жағы жалғанбайды, яғни жалпылық мәнде жұмсалған. Егер «бетімді бастым» деп

тәуелдік жалғауды жалғай қолданса, контекстік мән өзгерер еді, онда «бет» жеке субъектіге қатысты сияқты болар еді. Фажайып қолданыс! Классик ақын әр сөзге ғана емес, әр грамматикалық форманың қолданысында беретін мағынасы мен окушы түсінуге тиіс ішкі мәнге терең мән берген. Негізгі ой желісін белгілейтін атауыш сөздің құдіретін, мазмұн тиянақтылығын жеткізуға маңызын ақын терен түсінеді, байыппен салмақтаап, қажетіне қарай қолданғанда, сөз мәйегі үйіріліп, мақсатқа сай ірікtele җұптасып, өзекмәндегі өзек ойды жетелей, жаңаша өрнек құрайды.

Қазақ сөзінің бағасын көтеріп, ессеитіп, СӨЗТАНУ ілімінің де іргесін бекітіп, тез жетілуіне үлесін қосқан Абай шығармалары арқылы адам болмысының ішкі және сыртқы бейнесі танылады.

Қазақтың бағалы сөздері – адамгершілік, мейірім, кеңдік, кіслік, адалдық Абай өлеңдерінде оппозициялық қайшылық арқылы танылып, жақсы мен жаманды оқушының өзі айырып, бағалау үшін, ойлану үшін арналған деп бағалауға болады. Абайдың «қашқаны» – құлық, арамдық, алдау, арбау, залымдық. Заман өзгергенмен, адами рухани әлем қалыптастырған бағалы, қасиетті ұғымдарды таңбалайтын киелі сөздердің мәні мен олардың қабылдануы өзгермек емес. Жақсылық пен жамандық, адамдық пен надандық қатар жүреді, формасын әрқылы өзгертеді, алайда қатар өмір сүреді. Өмір солай...

Әдебиет

1. Қазақ руханияты: тарихи философиялық және этномәдени негіздер.
– Алматы, 2013.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I тарау. Абай мұрасын пәнаралық зерттеудің өзекті мәселелері	6
II тарау. Абайтанды тарихы	24
III тарау. Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың шығармашылық әлемі	88
IV тарау. Абай және билер сөзі	114
V тарау. Абай бағалауындағы байлам	149
VI тарау. Абай мен Ақыт	177
VII тарау. Абайдың карасөзі: болмысы мен бітімі	203
VIII тарау. Абай шығармашылығындағы ұлттық және жалпыадамзаттық руханият арналары	237
ҚОРЫТЫНДЫ	264
ҚОСЫМША	267

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VIII том
Пәнаралық зерттеу**

Авторлар:

Дәдебаев Жанғара, Әбдіманұлы Өмірхан,
[Кәкішев Тұрсынбек] Бисенгали Зинол-Ғабден,
Сейітжанов Зұфар, Тілепов Жұмат, Салқынбай Анар,
Үмбетаев Мұбәрәк, Тұрысбек Рахымжсан,
Бисенбаев Пазылбек, Қорібозов Ерхан

Редакторы К. Мухадиева
Компьютерде беттеген F. Қалиева
Мұқабасын безендірген К. Өмірбекова

ИБ №9173

Басуга 19.02.2016 жылы қол койылды. Пішімі 60x84 1/₁₆.
Көлемі 17,43 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №4357.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеттің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.